

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қызметін жүзеге
асыру барысында қоғамдық бақылау субъектілерімен өзара іс-қимыл
жасау тәртібі бойынша
нұсқаулық**

Астана, 2025 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қызметін жүзеге асыру барысында қоғамдық бақылау субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» (бұдан әрі – Қоғам) мен қоғамдық бақылау субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды. Нұсқаулық Қоғамның актілері мен шешімдерінің қоғамдық мүдделерге сәйкестігін талдау мен бағалауға бағытталған.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйақылар туралы» Заңына, 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №406 бұйрығымен Ақпарат және қоғамдық даму министрі бекіткен мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, ұсыну, мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау қағидаларына, сондай-ақ Қоғамның Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

3. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) қоғамдық бақылау – қоғамдық бақылау субъектілерінің Қоғам актілері мен шешімдерінің қоғамдық мүдделерге сәйкестігін талдау мен бағалауға бағытталған, осы Нұсқаулықта, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының басқа заңдарында белгіленген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылатын қызметі;

2) қоғамдық бақылау жүргізу кезіндегі мүдделер қақтығысы – қоғамдық бақылау субъектілерінің, сарапшының, мүшенің (қатысушының), құрылтайшының, басшының, қызметкердің жеке мүддесі олардың міндеттерін бейтарап және объективті орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай және (немесе) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңында белгіленген қағидаттар мен осындай мүдде арасындағы қайшылықтың туындауына алып келетін жағдай;

3) қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжат (бұдан әрі – қорытынды құжат) – қоғамдық бақылау субъектілері әзірлейтін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген хаттама, қорытынды, ұсыныс және өзге де құжаттар;

4) қоғамдық бақылау субъектілері:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, діни бірлестіктерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдар (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйымдар);
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қоғамдық бақылау жүргізу өкілеттіктері берілген басқа да субъектілер;

5) қоғамдық бақылау тобы – қоғамдық бақылау жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарынан және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қоғамдық бақылау жүргізу өкілеттіктері берілген басқа да субъектілерден құрылған топ;

6) негізделген жауап – қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжатта көрсетілген жағдайларды жан-жақты, толық және объективті қарау туралы, сондай-ақ қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы Қоғамның ақпараты;

7) қоғамдық бақылау нысаны – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, гранттар мен сыйақылар туралы заңға сәйкес гранттар беруге құқығы бар Қоғам;

8) грант алушы – үкіметтік емес ұйымдар дерекқорында мәліметтері бар, таратылу процесіндегі, дәрменсіз (банкрот) деп танылған, мүлкіне тыйым салынған және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатылған үкіметтік емес ұйымдарды қоспағанда, гранттық қаржыландыру саласындағы заңнамаға сәйкес Қоғамнан грант алған және тиісті келісімшарт жасаған үкіметтік емес ұйым;

9) Қоғамның лауазымды тұлғалары – Қоғамда ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша орындайтын тұлғалар;

10) шектеулі қолжетімді ақпарат – мемлекеттік құпиялар, жеке, отбасылық, банктік, коммерциялық құпиялар, медицина қызметкерінің құпиясы және (немесе) заңмен қорғалатын басқа да құпиялар, шектеулі қолжетімді дербес деректер, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпарат;

11) Ақпарат иесі:

- заң шығарушы, атқарушы және сот билігі мемлекеттік билік органдары мен мекемелері, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары;

- квазимемлекеттік сектор субъектілері;

- мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалануға қатысты ақпаратқа байланысты бюджет қаражатын алушылар болып табылатын заңды тұлғалар;

- орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларын орындайтын тұлғалар.

2-тарау. Қоғамдық бақылаудың мақсаты, міндеттері және қағидалары

4. Қоғам қызметіне қоғамдық бақылаудың мақсаты – Қоғамның қызметін басқару ісіне Қазақстан Республикасы азаматтарын қатыстыруды қамтамасыз ету, қоғамды Қоғамның қызмет сапасы мен тиімділігін арттыруға тарту, сондай-ақ жобаларды іске асыру нәтижелерін талдау, олардың қойылған мақсаттарға және күтілетін нәтижелерге сәйкестігін бағалау процесіне қатыстыру.

5. Қоғамдық бақылаудың міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарын гранттарды ұсыну және іске асыру мониторингі бойынша Қоғам қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу процесіне тарту;

2) Қоғам шешім қабылдағанда қоғамдық пікірді ескеруді қамтамасыз ету;

3) Қоғам қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) Қоғамның және жүзеге асырылатын гранттық жобалардың тиімділігін арттыру;

5) Гранттық жобаларды сапалы іске асыруды қамтамасыз ету;

6) Қоғам қызметіне деген азаматтардың сенім деңгейін арттыру;

7) Қоғамдық бақылау субъектілері мен Қоғам арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

8) Қоғамда сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа төзбеушілікті қалыптастыру.

6. Қоғамдық бақылау қағидалары:

1) қоғамдық бақылау субъектілерінің қызметінің заңдылығы;

2) қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде қоғамдық бақылау субъектілерінің жариялылығы, ашықтығы, есептілігі және айқындығы;

3) қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қоғамдық бақылау субъектілерінің ерікті түрде қатысуы;

4) қоғамдық бақылау субъектілерінің тәуелсіздігі және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу;

5) әріптестік және теңдік – өзара іс-қимыл қоғамдық бақылау субъектілерінің ұйымдық нысаны мен қызмет тақырыбы бойынша ешқандай кемсітусіз сындарлы диалог негізінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қоғамдық бақылау субъектілерінің қатысу шарттары

7. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылауды жеке түрде немесе қоғамдық бақылау топтарына қатысу арқылы жүзеге асырады.

8. Қоғамдық бақылау субъектілері бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

3) он сегіз жасқа толмаған адамдар;

4) Психикалық, мінез-құлықтық бұзылыстарға (ауруларға), соның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адамдар;

5) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар;

6) Шетелдік қатысуы бар коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтатылған немесе тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар.

9. Қоғамдық бақылау тобы қоғамдық бақылау субъектілерінің бастамасы бойынша құрылады.

10. Қоғамдық бақылау тобының құрамын бекіту туралы шешім хаттама түрінде ресімделеді.

11. Қоғамдық бақылау тобының сандық құрамы бес адамнан аспауы тиіс.

12. Қоғамдық бақылау тобының мүшелері қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

4-тарау. Қоғамдық бақылау нысандары

13. Қоғамдық бақылау қоғамдық талқылау, қоғамдық сараптама және қоғамдық мониторинг, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нысандарда жүзеге асырылады.

14. Қоғамдық бақылау бір уақытта бірнеше нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

15. Қажет болған жағдайда қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау объектінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы қоғамдық мониторингті бақылау объектісімен келісе отырып жүзеге асыра алады.

16. Қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы қоғамдық мониторингті жүргізуге келісім алу туралы өтінішке, «Қоғамдық бақылау туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін қоғамдық бақылау субъектілерінің тізімін және объектіні барудың қажеттілігін негіздейтін ақпаратты қоса береді.

17. Қоғамдық бақылау объектілері алдыңғы қоғамдық мониторинг өткізілген күннен бастап алты ай ішінде сол бір объектіге немесе бірдей мәселе бойынша қоғамдық мониторинг жүргізілген жағдайда, объектінің аумағы мен үй-жайларына барудан бас тартуға құқылы.

5-тарау. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

18. Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 9-бабына сәйкес, қоғам қоғамдық мониторинг шеңберінде:

1) сұратылған ақпаратты ұсыну құзыретіне кіретін тиісті ақпарат иесіне сұрау жіберуге;

2) сұрау мазмұнын сұрау жіберген тұлғамен нақтылауға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар мен негіздер бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқылы.

19. Қоғам міндетті:

1) қоғамдық бақылау субъектісіне ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

2) өз өкілеттігі шеңберінде ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық, техникалық және өзге де жағдайларды қамтамасыз етуге;

3) сенімді және толық ақпарат беруге;

4) ұсынылған ақпаратта қызметкерді анықтау үшін жеткілікті көлемде лауазымды тұлға туралы мәліметтердің болуын қамтамасыз етуге;

5) ақпарат беру үшін заңда белгіленген мерзімдерді сақтау;

6) қоғамдық бақылау субъектілерінің сұрауларын есепке алу, қорыту және талдау жүргізу;

7) ақпарат беру кезінде мүгедектігі бар адамдарға қажетті жағдайларды жасауға;

8) ақпаратты қамтитын интернет-ресурстардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

9) ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету саласындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыруға;

10) ақпарат беру сапасы мен уақтылылығын ішкі бақылауды жүзеге асыруға;

11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасын сақтауға;

12) шектеулі қолжетімділік ақпаратқа жатпайтын ашық деректер түрінде ақпаратты ашық деректер интернет-порталында тұрақты негізде орналастыруға;

13) ашық деректер, ашық бюджеттер және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталдарында орналастырылатын ақпаратты өз құзыреті шеңберінде уақтылы жаңартып отыруға;

14) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

6-тарау. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету әдістері

20. Ақпаратқа қол жеткізу келесі тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

1) қоғамдық бақылау субъектінің сұранысы бойынша ақпарат беру арқылы;

2) ақпаратты Қоғам иеленетін үй-жайларда және осы мақсаттарға бөлінген басқа да орындарда орналастыру арқылы;

3) ашық отырыстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы;

4) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы;

5) ақпаратты Қоғамның интернет-ресурсында орналастыру арқылы;

6) ақпарат иелерінің ашықтық стандартын сақтау арқылы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тәсілдер арқылы.

7-тарау. Сұрау салу бойынша ақпарат беру

21. Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңның 11-бабына сәйкес сұрау бойынша ақпарат тегін беріледі.

22. Сұрау бойынша қолжетімді ақпараттың кез келген түрі беріледі, құпия ақпараттан басқа.

23. Қоғамдық бақылау субъектісінің сұрауы Қоғамға бағытталуы тиіс.

24. Сұрау ауызша немесе жазбаша түрде, соның ішінде электрондық құжат түрінде ұсынылуы мүмкін.

25. Ақпарат пайдаланушы Қоғамға ауызша сұрауды жеке немесе телефон арқылы бере алады.

26. Ауызша сұрауға келесі ақпарат бойынша жауап беріледі:

1) Қоғамның жұмыс кестесі;

2) Құрылымдық бөлімшелердің пошта мекенжайлары, электрондық пошта мекенжайлары және (немесе) интернет-ресурстары, телефон нөмірлері, сондай-ақ олардың басшылары туралы мәліметтер;

3) Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау тәртібі;

4) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сұрауларын, арыздары мен шағымдарын қарау тәртібі;

5) Мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды беру тәртібі;

6) Сот істерін қарау кестелері;

7) Ашық конкурстарды, конкурс сауда-саттықтарын (аукциондар, тендерлер) өткізу күні мен орны туралы мәліметтер;

8) Ақпарат иеленуші құрған бұқаралық ақпарат құралдары туралы мәліметтер (бар болған жағдайда);

9) Бос жұмыс орындары туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері.

27. Ауызша сұрауға жауап берген кезде жауап берген тұлғаның аты-жөні мен лауазымы көрсетіледі.

28. Жазбаша сұрауда келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) ақпарат сұраушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) заңды тұлға атынан жүгінген жағдайда – заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, кіріс нөмірі және күні, сұрауға қол қойған тұлғаның тегі, инициалдары және лауазымы.

29. Сұрауда пошта мекенжайы немесе электрондық пошта мекенжайы, телефон немесе телефакс нөмірі және басқа байланыс құралдары көрсетілуі тиіс.

30. Жазбаша сұрауға жеке тұлға немесе заңды тұлға өкілі қол қоюы тиіс. Электрондық құжат түріндегі сұрауға электрондық сандық қолтаңба қойылуы тиіс.

31. Толығымен мемлекет қатысатын тұлғаларды қоспағанда, Қоғам төрағасының блог-платформасы арқылы жолданған сұрау жазбаша сұрауға теңестіріледі.

32. Толығымен мемлекет қатысатын тұлғаларды қоспағанда, Қоғам төрағасының блог-платформасы арқылы жолданған сұрау пайдаланушының «электрондық үкімет» веб-порталындағы тіркелген жазбасының болуы және байланыс операторы берген пайдаланушының абоненттік нөмірінің қосылуы жағдайында қолтаңба қояды талап етпейді.

33. Қоғамға тікелей жазбаша түрде сұрау тапсырған қоғамдық бақылау субъектісіне талон беріледі немесе сұраудың екінші данасына қабылдаған тұлғаның тегі, аты-жөні, уақыты мен күні көрсетілген жазба қойылады.

34. Анонимді сұраулардан басқа, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіпте берілген жазбаша сұраулар міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

35. Жазбаша сұраулар жеке немесе заңды тұлғаның өкілі арқылы енгізілуі мүмкін. Өкілдікті ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

36. ҚР Азаматтық кодексінің 167-бабы 4-тармағына сәйкес, жеке тұлғадан хат-хабарларды алу үшін сенімхат республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл әкімдерімен, сенім білдіруші тұратын жердегі тұрғын-үй пайдалану ұйымдарымен, оның жұмыс істейтін немесе оқитын ұйымымен, емделіп жатқан стационарлық медициналық мекеме әкімшілігімен, сондай-ақ әскери қызметші болып табылған жағдайда тиісті әскери бөлімдердің қолбасшылығымен куәландырылады. Байланыс қызметкері құжатты жөнелткен жағдайларда телеграф немесе басқа байланыс құралдары арқылы берілген сенімхат байланыс органдарымен куәландырылады.

37. Қоғам ресми байланыс органдарын араластырмай, сенім білдірушінің сенім білдірілген тұлғаға факсимильдік немесе басқа байланыс құралдары арқылы жіберілген сенімхатын түпнұсқа ретінде қабылдауға құқылы.

38. Заңды тұлғаның атынан сенімхат оның басшысы немесе құрылтай құжаттарында уәкілетті тұлғаның қолымен беріледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөрі болуы тиіс болған жағдайда осы ұйымның мөрімен бекітіледі.

8-тарау. Қоғамдық бақылау субъектілерінің сұрауларын қарау тәртібі мен мерзімдері

39. Қоғамдық ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін сұраулар Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында белгіленген тәртіппен қаралады.

40. Қоғамдық бақылау субъектілерінің верификациясы Қоғам тарапынан қоғамдық бақылау жүргізу туралы хабарлама негізінде жүзеге асырылады, оны қоғамдық бақылау субъектілері жолдайды.

41. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылауды жүзеге асыру туралы хабарламаға келесі шектеулердің болмауын растайтын өзекті құжаттарды қоса береді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы, соның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны туралы мәліметтер;

- психоневрологиялық және (немесе) наркодиспансерден алынған анықтама;

- коммерциялық емес ұйымның құрылтай шарты, ол болмаған жағдайда өзге де құқық белгілейтін құжаттары;

Қоғамдық бақылау тобы сондай-ақ топ құрамын бекіту туралы хаттаманың көшірмесін қоса береді.

42. Жазбаша сұрауға жауап Қоғамның мекенжайына келіп түскен күннен бастап он бес (15) күнтізбелік күн ішінде беріледі.

43. Егер сұралып отырған ақпарат тек Қоғамның құзыретіне кірмесе және жазбаша сұрауға жауап беру үшін басқа ақпарат иелерінен мәлімет алу қажет болса, қарау мерзімі Қоғам төрағасының шешімімен бір реттен артық емес он бес (15) күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін. Бұл туралы қоғамдық бақылау субъектісіне мерзімді ұзарту күнінен бастап үш (3) жұмыс күні ішінде хабарланады.

44. Қоғамның құзыретіне кірмейтін ақпаратты беру бойынша жазбаша сұрау келіп түскен жағдайда, қоғамдық бақылау субъектісіне үш (3) жұмыс күні ішінде бұл туралы хабарлама жіберіледі.

45. Жазбаша сұрауға жауап қоғамдық бақылау субъектісінің таңдауымен қағаз және (немесе) электрондық нысанда, сұрау салынған тілде беріледі.

46. Ауызша сұрауға жауап ауызша түрде, сұрау салынған тілде беріледі.

47. Егер жазбаша сұрауға жауап беру көшіруді немесе басып шығаруды талап етсе, қоғамдық бақылау субъектісі Қоғамға немесе басқа ақпарат иесіне көшіру немесе басып шығару бойынша нақты шығындарды өтеуге міндетті.

48. Көшіру немесе басып шығару бойынша нақты шығындардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында міндетті түрде жарияланады және Қоғамның интернет-ресурстарында орналастырылады.

49. Көшіру немесе басып шығару бойынша нақты шығындарды төлеуден әлеуметтік осал топтар босатылады.

50. Жазбаша сұрауға жауапта ақпарат иесінің атауы, пошталық мекенжайы, жауапқа қол қойған адамның лауазымы, сұрау салуды тіркеу күні мен нөмірі көрсетіледі.

51. Егер сұралып отырған ақпарат Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында белгіленген тәртіппен орналастырылған болса, Қоғам қоғамдық бақылау субъектісін бұл туралы хабардар ете алады. Бұл хабарлама үш (3) жұмыс күнінен кешіктірілмей, бір мезгілде ақпаратқа қол жеткізу тәсілдері мен орындары туралы мәліметтерді қоса жіберіледі.

52. Қайта жүгінген жағдайда, Қоғам сұралған ақпаратты осы тарауда көзделген тәртіппен береді.

9- тарау. Қоғамның ақпаратты ұсынудан бас тарту себептері

53. Ақпаратына қол жеткізуден келесі жағдайларда бас тартылады:

1) сұрау мазмұны сұралып отырған ақпаратты анықтауға мүмкіндік бермесе;
2) сұрау Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы талаптарына сәйкес келмесе;

3) сұралып отырған ақпарат қол жеткізуі шектеулі ақпарат санатына жатса;

4) сұрауда Қоғам қабылдаған актілердің құқықтық бағасы, Қоғамның қызметін талдау немесе өзге де аналитикалық жұмыстарды олардың аяқталуына дейін жүргізу сұралса;

5) мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізіліп жатқан тексерулер нәтижелері бойынша шешім қабылданғанға дейін;

6) мемлекеттік органдарда ведомствоаралық және ішкі ведомстволық хат алмасу немесе жиналыстар негізінде шешім қабылданғанға дейін;

7) шетел мемлекеттерінен немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды жариялау шарттары бойынша өзара келісім қабылданғанға дейін.

54. Жазбаша сұрауға ақпарат беруден бас тарту туралы негізделген жауап қоғамдық бақылау субъектісіне сұрауды тіркеген күннен бастап бес (5) жұмыс күні ішінде хабарланады.

55. Сұраулармен жұмыс істеуді ұйымдастыру, оларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жағдайына жеке жауапкершілікті тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ Қоғам төрағасының орынбасарлары көтереді.

10- тарау. Қоғамның қоғамдық бақылау шеңберінде қаралатын актілері мен шешімдерінің тізімі

56. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау шеңберінде Қоғамның келесі актілері мен шешімдеріне талдау және бағалау жүргізе алады:

- мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, ұсыну, мониторинг жүргізу және олардың тиімділігін бағалау қағидалары шеңберінде қабылданатын Қоғам актілері мен шешімдері;

- грант алушылардың есептерін қабылдау-тапсыру актілері;

- грант алушылардың есептерін қарау нәтижелері бойынша доработка жүргізу туралы хаттар;

- гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілетін мониторингтік сапарлардың нәтижелері бойынша актілер;

- Қоғамның бұйрықтары;

- Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер мен актілер;

- Қоғам Басқармасы қабылдайтын шешімдер мен актілер.

11- тарау. Қоғамдық бақылаудың нысандары мен нәтижелері

57. Қоғамдық талқылауды, қоғамдық сараптаманы және Қоғам қызметіне қоғамдық мониторинг жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңымен реттеледі.

58. Қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық бақылау барысында анықталған бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды қамтитын қорытынды құжат әзірлейді.

59. Қоғамдық бақылау субъектісі қорытынды құжатты қоғамдық бақылау аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамға жолдайды.

60. Қорытынды құжат Қоғам үшін міндетті түрде қаралуы тиіс.

61. Қоғам қорытынды құжатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, қоғамдық бақылау субъектісіне әрбір ұсыныс бойынша негізделген жауап жолдайды.

62. Қоғамдық бақылау объектілері қорытынды құжатта көрсетілген жағдайларды жан-жақты, толық және объективті қарау үшін шаралар қабылдауға және қоғамдық бақылау субъектісіне оның ұсынысын қарау процесіне тыңдау түрінде қатысуға мүмкіндік беруге міндетті, егер бұл басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын болса.

63. Тыңдау қоғамдық бақылау субъектісін шақыру арқылы, соның ішінде бейнеконференция байланысы немесе басқа да коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

64. Қоғамдық бақылау субъектісі тыңдау туралы алдын ала, бірақ қорытынды құжатты қарау бойынша шешім қабылдағанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландырылады.

65. Егер қорытынды құжатты қарау нәтижесінде оң шешім қабылданса, тыңдау рәсімі өткізілмейді.

66. Қоғамдық бақылау объектісі қорытынды құжатты қараудан бас тартқан жағдайда, қоғамдық бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға шағым жолдауға құқылы.

67. Қоғам қорытынды құжатты және негізделген жауапты қоғамдық бақылау субъектісіне негізделген жауапты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

68. Қоғам өз интернет-ресурсында қоғамдық бақылау субъекттерімен өзара іс-қимылы және олардың ұсынымдарын іске асыру жөніндегі жылдық есепті жыл сайын жариялайды.

12- тарау. Қоғамдық бақылау субъектісінің құқықтары мен міндеттері

69. Қоғамдық бақылау субъектілерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңының 7-бабында көзделген.
